



Автор: Мейрманова Нагима Битимбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары

Тақырып: Топырақтың құрамы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа);
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: топырақтың негізгі құрамын зерттейді. Көптеген оқушылар: мұғалімнің көмегімен топырақтың құрамын айтып береді. Кейбір оқушылар: топырақтың құрамына зерттеу жұмысын жүргізеді.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Пәнге тән лексика мен терминология: Қарашірік, топырақ құрамы. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақтың құрамын қалай анықтауға болады?
Бағалау критерийлері:	Пәнге тән лексика мен терминология: Қарашірік, топырақ құрамы. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақтың құрамын қалай анықтауға болады?
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғи ресурстар» ұғымының мағынасын түсінеді және оларды жіктей алады. Табиғи ресурстардың түрлерін мен көздерін біледі, олардың адам тіршілігіндегі алатын орнын бағалай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Мен пікір білдіремін, сен пікір білдіресің» жаттығуы Мақсаты:өзінің бір нәрсеге көңілі толмау, ренжу, көңілі қалу сияқты жағымсыз сезімдерін толерантты түрде жеткізе білу;қарым-қатынасты еркін жүргізуді үйрету. Көк маркерлер тобы: Қызыл маркерлер тобы: Жасыл маркерлер тобы: Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) Топырақ тек жануарларға қажет пе? Тағы қандай тірі ағзалар қоректік заттарды топырақтан алады? Адам өмірінде топырақ қандай рөл атқарады? Егер топырақ жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне жарамсыз болып қалса, не болады? «Жедел жауап» әдісі ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Ойлан. Топырақ құрамы қалай өзгере алатынына болжам жасауды тапсырыңыз. Қиындық туындаса, өсімдікке тамырлардың не үшін керек екенін нақтылауды сұраңыз (олардың көмегімен өсімдіктер су мен қоректік заттарды сіңіреді). Өсімдіктер оларды қайдан алады? (топырақтан). Олар таусылып қалуы мүмкін бе? (иә) Қоректік заттардың қорларын қалай толтыруға болады? (қарашірік сеуіп, тыңайту). ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Белсенді оқу тапсырмалары. ҚБ:Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	
Сабақтың соңы	Оқушылар кезек-кезек көршісінің аттас саусақтарына қолын тигізеді. Бас бармақтан бастайды: Мен саған тілеймін (бас бармағын тигізеді); - Табыс (сұқ саусақ); - Үлкен (ортаңғы); - Барлығында (атаусыз); - Барлық жерде (шынашақ); - Сәлеметсің бе! (алақанын тигізеді). Жаңа білім мен тәжірибені қолдану «Галлерияда ой шарлау» Көк маркерлер тобы: Қызыл маркерлер тобы: Жасыл маркерлер тобы: Дескриптор: □ топырақтың негізгі құрамын зерттейді. □ мұғалімнің көмегімен топырақтың құрамын айтып береді. □ топырақтың құрамына зерттеу жұмысын жүргізеді.	
Рефлексия	ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушылар «Бағдаршам» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты жасайды.	